



типовая форма утверждена

Правлением АО "Tengri Bank"
(протокол заседания от
"16" февраля 2017 года № 14)

Жеке деректерді жинауға және өңдеуге берілген келісім	Согласие на сбор и обработку персональных данных
<p>Назар аударыңыз! Осы Жеке деректерді жинауға және өңдеуге берілген келісім (бұдан әрі – Келісім) бірегей болып табылады және оны жеке деректер тиесілі жеке тұлға (бұдан әрі – Субъект) болашақта қайта Келісім талап етусіз "Tengri Bank" АҚ-тың (бұдан әрі – Банк) кез келген қызметін (операцияларын орындау) алуы мақсатында бір рет береді. Төменде көрсетілген жеке деректер тізбесі – Субъект тізбеді көрсетілген, өзінің барлық жеке деректерін беруі тиіс дегенді білдірмейді. Субъект тиісті қызмет көрсету (операцияны орындау) үшін Банкке қажетті көлемде ғана жеке деректерін береді.</p> <p>1.1. Субъект Банкке және операцияларды жүргізуге/әрекеттерді іске асыруға/Субъект (субъект өкілі болып отырған тұлға) пен Банк арасында кез келген мәмілені жасауға және/немесе жасалғанын (жасалуы мүмкін екендерін) орындауға қатысы болатын үшінші тұлғаларға¹ Субъектінің қағаз тасымалдаушыдағы, сондай-ақ деректер ауқымындағы және/немесе Банктің деректер базасындағы электронды форматтағы жеке деректерін жинауына және өңдеуіне өзінің сөзсіз келісімін береді.</p> <p>1.2. Жеке деректер – Субъектіге тиесілі, электрондық, қағаз және/немесе өзге материалдық тасымалдаушыда тіркелген, төменде көрсетілгендерден тұруы мүмкін (қоса алғанда, бірақ шектелмей) кез келген мәлімет:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) клиенттің саунамасын толтыру және тиісті түрде сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты; азаматтығы; жеке басын куәландыратын құжат деректері; жеке сәйкестендіру нөмірі; күні және туу туралы деректер; жынысы; суреті; қолы; биометриялық деректері (Банкпен тиісті жазбаша келісімі болған кезде) және басқасы); 2) отбасы/әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер (неке қию туралы куәлігінің деректері, жұбайының(зайыбының) тегі, аты, әкесінің аты, жұбайының(зайыбының) төлқұжат деректері; асырауында адамдардың және/немесе өзге отбасы мүшелерінің бары/жоғы; отбасының өзге мүшелерінің, асырауындағы адамдардың туыстық жақындығы, тегі, аты, әкесінің аты және туған күндері; субъект ресми өкілі және/немесе асыраушысы болып табылатын жеке тұлғалардың тізімі; басқа да мәліметтер); 	<p>Внимание! Настоящее Согласие на сбор и обработку персональных данных (далее – Согласие) является универсальным и предоставляется физическим лицом, к которому относятся персональные данные (далее – Субъект) один раз, с целью возможного получения в дальнейшем любой услуги (выполнения операций) АО "Tengri Bank" (далее – Банк) без повторного истребования Согласия. Указанный ниже перечень персональных данных не означает, что Субъект должен предоставить все свои персональные данные, указанные в перечне. Субъект будет предоставлять ровно такой объем персональных данных, который потребуется Банку для оказания соответствующей услуги (выполнения операции).</p> <p>1.1. Субъект предоставляет свое безусловное согласие Банку и третьим лицам¹, которые имеют и/или могут иметь отношение к проведению операций/осуществлению действий/заключению и/или исполнению любых сделок, заключенных (которые возможно будут заключены) между Субъектом (лицом представителем которого является субъект) и Банком, на сбор и обработку персональных данных Субъекта, как на бумажных носителях, так и в электронном формате, в массивах и/или базах данных Банка.</p> <p>1.2. Персональные данные – любые относящиеся к Субъекту сведения, зафиксированные на электронном, бумажном и/или ином материальном носителе, которые могут содержать (включая, но не ограничиваясь):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сведения, необходимые для заполнения анкеты клиента и надлежащей идентификации (фамилия, имя, отчество; гражданство; данные документа, удостоверяющего личность; индивидуальный идентификационный номер; дата и данные о рождении; пол; фото; подпись; биометрические данные (при наличии соответствующего письменного соглашения с Банком) и прочее); 2) сведения о семейном/социальном положении (данные свидетельства о заключении брака, фамилия, имя, отчество супруга(-и), паспортные данные супруга(-и); наличие/отсутствие иждивенцев и/или иных членов семьи; степень родства, фамилии, имена, отчества и даты рождения других членов семьи,

¹ В том числе, доверенные лица, законные представители, гаранты, поручители, залогодатели, созаемщики, страховщики и прочее.

<p>3) байланыста болуға қажетті мәліметтер (тіркелген жері, нақты тұрып жатқан жері (келген), жұмыс орны және лауазымы; телефон нөмірі (үй, жұмыс, ұялы телефон нөмірі), электрондық пошта мекенжайы; мекенжай анықтамасындағы ақпарат және басқасы);</p> <p>4) Банктің қызмет көрсетуімен (операциялар жүргізуімен, мәмілер жасаумен, әрекеттерді орындаумен) байланысты мәліметтер – шарттардың (келісімдердің), олардың қосымша келісімдері, өтініштер мен келісімдер, өзара жазысқан хат-хабар, операциялар (төлем, қасалық және өзге құжаттар) жүргізу туралы нұсқаулар, құқық белгілеуші құжаттар, төлем карточкалары мен банктік шоттардың нөмірлері және басқасы;</p> <p>5) іскерлік қатынастардың мақсаты мен сипаты туралы мәліметтер;</p> <p>6) білімі, кәсіби қызметі, қызмет жағдайы, іскерлік мәнсабы: білімі, мамандығы, біліктілігі (біліктілігін арттыруды қоса алғанда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, кәсіби палаталардағы/ұйымдардағы мүшелігі туралы мәліметтер; жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің деректері, лицензияланған қызметті іске асыруға берілген лицензия, аттестаттарының, патенттерінің, дипломдарының, сертификаттарының деректері; сотталғаны/сотталмағаны, қылмыстық/ әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы/тартылмағандығы туралы ақпарат;</p> <p>7) кредит (өзге) тарихы туралы мәлімет, төлем қабілеттілігін бағалауға қажетті мәліметтер (зейнетақы аударымдары, кіріс және шығысы туралы мәлімет және басқасы); банктік салымдарының бар/жоғы туралы мәлімет (шот, арнайы карта шоттарының нөмірлері, түрі, орналастыру мерзімі, салым сомасы, талаптары және басқа да мәлімет); кредиттерінің (қарыздарының) (соның ішінде сенімді тұлғалардың, заңды өкілерінің, кепілгерлерінің, кепілдеме берушілерінің, кепіл берушілерінің, қосалқы қарыз алушыларының, сақтандырушыларының және басқасының), банктік шоттарының (соның ішінде арнайы карта шоттарының), ақша қаражатының және бағалы қағаздарының, соның ішінде сенімгерлікпен басқарудағы және сенімгерлікпен сақтауға берілгендерінің бар/жоғы туралы мәлімет (шарттардың деректері, соның ішінде шоттардың, арнайы карта шоттарының нөмірлері, банктік карта нөмірлері, банктік карталар бойынша кодталған ақпарат, кредит тарихының кодтары, сатып алынатын жылжымайтын мүлік нысандарының мекенжайлары, кредит немесе қарыз сомасы және валютасы, кредиттеу мақсаты, кредиттеу талаптары, кепіл туралы мәліметтер, шот бойынша қалдық және айналымдағы сома, банктік карталарының түрі, лимиттер және басқа да мәліметтер);</p> <p>8) мүлік (мүліктік жағдайы) туралы мәлімет: кредит бойынша қамсыздандыру болып</p>	<p>иждивенцев; список физических лиц официальным представителем и/или опекуном которых является субъект; другие сведения);</p> <p>3) сведения, необходимые для поддержания связи (место прописки, место фактического нахождения (пребывания), место работы и должность; номер телефона (домашний, рабочий, сотовый), адрес электронной почты; информация, содержащаяся в адресной справке и прочее);</p> <p>4) сведения, связанные с оказанием Банком услуг (проведением операций, заключением сделок, выполнением действий) – тексты договоров (соглашений), дополнительных соглашений к нему, заявления и согласия, переписка, указания о проведении операций (платежные, кассовые и иные документы), правоустанавливающие документы, номера платежных карточек и банковских счетов и прочее;</p> <p>5) сведения о цели и характере деловых отношений;</p> <p>6) сведения об образовании, профессиональной деятельности, служебном положении, деловой репутации: образование, профессия, квалификация (включая повышение квалификации), должность, ученая степень, ученое звание, членство в профессиональных палатах/организациях, владение иностранными языками и другие сведения; данные свидетельства о государственной регистрации индивидуального предпринимателя, данные лицензии на осуществление лицензируемой деятельности, аттестатов, патентов, дипломов, сертификатов; информация о наличии/отсутствии судимости, привлечении к уголовной/административной ответственности;</p> <p>7) сведения о кредитной (иной) истории, сведения, необходимые для оценки платежеспособности (пенсионные отчисления, сведения о доходах и расходах и прочее); сведения о наличии/отсутствии банковских вкладов (номера счетов, спецкартсчетов, вид, срок размещения, сумма, условия вклада и другие сведения); сведения о наличии/отсутствии кредитов (займов), в том числе, доверенные лица, законные представители, гаранты, поручители, залогодатели, созаемщики, страховщики и прочее) банковских счетов (в том числе спецкартсчета), денежных средств и ценных бумаг, в том числе, в доверительном управлении и на доверительном хранении (данные договоров, в том числе номера счетов, спецкартсчетов, номера банковских карт, кодовая информация по банковским картам, коды кредитных историй, адреса приобретаемых объектов недвижимости, сумма и валюта кредита или займа, цель кредитования, условия кредитования, сведения о залоге, остатки и суммы движения по счетам, тип банковских карт, лимиты и другие сведения);</p>
--	--

<p>табылатын, Субъектінің мүлкі және/немесе үшінші тұлғалардың мүлкі туралы, сондай-ақ Субъектінің өзге (кез келген) мүлкі туралы мәлімет, ол (кез келген) мүліктің кез келген форматтағы бейнесі (суреті), мүлікке салынған ауыртпалықтардың бар/жоғы туралы мәлімет; сәйкестендіру деректері, тіркеу, ауыртпалық туралы деректер; мүліктің жалпы сипаттамасы; құны; мекенжайы (орналасқан жері), мемлекеттік тіркеу деректері және басқа да мәліметтер);</p> <p>9) Банкке қажетті, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес клиенттің сауланамасын толтыруға, досьесін (клиентті/жеке ісін) жасақтауға қажетті өзге де мәліметтер (соның ішінде Субъектінің заңды тұлға капиталына қатысуы – қатысу үлесі, акцияларының саны (үлесі), атқарып отырған қызметі туралы ақпарат, сондай-ақ осындай деректердің өзгергені және/немесе) толықтырылғаны туралы ақпарат; субъект өкілі болып табылатын заңды тұлғалардың тізбесі);</p> <p>10) жоғарыда көрсетілген деректердің өзгергені және/немесе толықтырылғаны туралы ақпарат.</p> <p>1.3. Субъектінің жеке деректерін жинау, өңдеу және пайдалану (қағаз тасымалдаушыдағы және/немесе деректер ауқымындағы және/немесе Банктің деректер базасындағы электронды форматтағы жеке деректерін жинауды, өңдеуді және сақтауды қоса алғанда), соның ішінде келесі мақсаттарға:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Субъектінің банктік және/немесе Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетуі мүмкін өзге қызметтерін алуға берген өтінімін қарау үшін (субъект өкілі болып табылатын тұлғаның өтінімдері); 2) Субъектіге (субъект өкілі болып табылатын тұлғаға) банктік және/немесе Банктің тиісті шарттардың (келісімдердің) талаптарымен Субъектіге (субъект өкілі болып табылатын тұлғаға) көрсететін, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге қызметтерді көрсету, операцияларды/төлемдерді орындау, қателесіп түскен соманы қайтару, соманы іздеу және басқасы үшін; 3) Банкпен мәмілелер жасау мүмкіндігін және жасалуын қарау, Банктің операциялар жүргізуі, Банктің Субъект көрсеткен әрекеттерін орындауы үшін; 4) ақша аударымдарын іске асыру үшін Субъектінің жеке деректерін Банк Субъектінің контрагентіне (субъект өкілі болып табылатын тұлғаның контрагентіне) және барлық банктерге/процессинг ұйымдарына/Халықаралық төлем жүйелеріне (төлем жүйелеріне) беруі мүмкін, олар арқылы Субъектінің аударымы/бағыттауы/процессинг тапсырмасы(-лары) (субъект өкілі болып табылатын тұлғаның тапсырмасы(-лары)) өтеді; 	<ol style="list-style-type: none"> 8) сведения об имуществе (имущественном) положении: сведения об имуществе Субъекта и/или имуществе третьих лиц, которое является обеспечением по кредиту, а также об ином (любом) имуществе Субъекта, изображение (фото) такого (любого) имущества в любом формате, сведения о наличии/отсутствии обременений на имущество; идентификационные данные, данные о регистрации, обременении; общие характеристики имущества; стоимость; адрес (место нахождения) имущества, данные государственной регистрации и другие сведения); 9) иные сведения, необходимые Банку, в том числе, для заполнения анкеты клиента, формирования досье (клиентского/личного дела) в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан и внутренними нормативными документами Банка (в том числе, информация об участии Субъекта в капитале юридических лиц – доля участия, количество (доля) акций; занимаемые должности, а также информация об изменении и(или) дополнении таких данных; перечень юридических лиц, представителем которых является субъект); 10) информация об изменении и/или дополнении вышеуказанных данных. <p>1.3. Сбор, обработка и использование персональных данных Субъекта (включая сбор, обработку и хранение на бумажных носителях и/или в электронном формате в массивах и/или базах данных Банка), в том числе, для следующих целей:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) для рассмотрения заявки Субъекта (заявки лица, представителем которого является субъект) на получение банковских и/или иных услуг, которые могут быть оказаны Банком в соответствии с законодательством Республики Казахстан; 2) для оказания Субъекту (лицу представителем которого является субъект) банковских и/или иных услуг, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, которые будут оказаны Субъекту (лицу представителем которого является субъект) Банком на условиях соответствующих договоров (соглашений), исполнения операций/платежей, возврата ошибочно зачисленных сумм, поиска сумм и прочее; 3) для рассмотрения возможности заключения и заключения сделок с Банком, проведения Банком операций, выполнения Банком указанных Субъектом действий; 4) для осуществления денежных переводов персональные данные Субъекта могут быть предоставлены Банком контрагенту Субъекта (контрагенту лица представителем которого является субъект) и всем банкам/процессинговым организациям/Международным платежным системам (платежным системам), через которые
--	---

<p>5) тапсырмалар, бұйрықтар, өкімдер, тапсырыстар және басқаларының аясында, соның ішінде Қазақстан Республикасының, халықаралық ұйымдасқан/ұйымдаспаған шетел нарығында мәмілелер жасау/операциялар жүргізу/орындау үшін Субъектінің жеке деректерін Банк есеп ұйымдарына, депозитарийлерге, кастодиандарға, шетелдік кастодиандарға, қор биржаларына, халықаралық есеп айырысу (төлем) жүйелеріне, Субъект контрагенттеріне (субъект өкілі болып табылатын тұлғаның контрагенттеріне) және аударымдар/бағыттаулар/ процессинг тапсырма(-лар) және/немесе мәмілелер жасауға/ операцияларды орындауға берілген бұйрықтар (тапсырмалар) өтетін барлық банктерге/ процессинг ұйымдарына беруі мүмкін;</p> <p>6) ішкі бақылау және Банк есебі үшін, сондай-ақ Субъектінің (субъект өкілі болып табылатын тұлғаның) және Банктің тиісті шарттар (келісімдер) бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындауын бақылау және растау үшін;</p> <p>7) Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іскерлік қатынас орнатқан және клиенттің операцияларын іске асырған, валюталық бақылау қызметтерін орындаған кезде өз клиентін тиісті түрде тексеру міндеттерін орындауы үшін;</p> <p>8) Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңсыз операциялар тәуекелін азайту мақсатында клиентті сәйкестендіру міндеттерін орындауы үшін;</p> <p>9) Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде, бухгалтерлік есепте қолданылатын бастапқы құжаттарды сақтау және есепке алу міндеттерін орындау үшін;</p> <p>10) Банктің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген, құжаттарды, материалдарды, досьені сақтау міндетін орындауы үшін;</p> <p>11) Банк пен Субъект (субъект өкілі болып табылатын тұлға) арасында Субъектінің және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай құқыққа ие үшінші тұлғалардың сұратуымен тиісті шарттар (келісімдер) бойынша операциялардың іске асқанын растау үшін;</p> <p>12) тиісті шарттар (келісімдер) бойынша міндеттемелер бұзылған жағдайда, үшінші тұлғалармен болған даулы жағдайларды қоса алғанда, даулы жағдайлар туындаған жағдайда Банк құқығын сот арқылы және соттан тыс қорғау үшін;</p> <p>13) мұндай шарттар (келісімдер) бойынша міндеттемелер бұзылған, сондай-ақ кепіл мүлікті сатумен байланысты сауда жүргізген жағдайда, Банктің коллекторлық агенттіктермен және/немесе өзге мамандандырылған тұлғалармен немесе тиісті шарттар (келісімдер) бойынша берешекті өндіріп алу іс-шарасын іске асыру</p>	<p>проходит перевод/маршрутизация/процессинг поручения(-ий) Субъекта (поручения(-ий) лица, представителем которого является субъект);</p> <p>5) для заключения/совершения/исполнения сделок/операций в рамках поручений, приказов, распоряжений, заказов и прочего, в том числе, на рынке ценных бумаг Республики Казахстан, международном организованном/неорганизованном зарубежном рынке персональные данные Субъекта могут быть предоставлены Банком учетным организациям, депозитариям, кастодианам, зарубежным кастодианам, фондовым биржам, международным расчетным (платежным) системам, контрагентам Субъекта (контрагентам лица, представителем которого является субъект) и всем банкам/процессинговым организациям, через которые проходит перевод/маршрутизация/процессинг поручения(-ий) и/или приказов (заказов) на совершение сделок/выполнение операций;</p> <p>6) для внутреннего контроля и учета Банка, а также для контроля и подтверждения надлежащего исполнения Субъектом (лицом представителем которого является субъект) и Банком своих обязательств, по соответствующим договорам (соглашениям);</p> <p>7) для выполнения обязанности по надлежащей проверке Банком (как субъектом финансового мониторинга) своего клиента при установлении деловых отношений и осуществлении операций клиента в соответствии с законодательством Республики Казахстан, выполнения функций валютного контроля;</p> <p>8) для выполнения Банком обязанности по идентификации клиента в целях минимизации рисков несанкционированных операций в соответствии с законодательством Республики Казахстан;</p> <p>9) для выполнения Банком обязанности по хранению и учету первичных документов, используемых в бухгалтерском учете в течение сроков, установленных законодательством Республики Казахстан;</p> <p>10) для выполнения Банком обязанности по хранению документов, материалов, досье, установленных Национальным Банком Республики Казахстан, а также иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан;</p> <p>11) для подтверждения осуществления между Банком и Субъектом (лицом представителем которого является субъект) операций по соответствующим договорам (соглашениям) по запросу Субъекта и/или третьих лиц, имеющих такое право в соответствии с законодательством Республики Казахстан;</p> <p>12) для судебной и внесудебной защиты прав Банка:</p> <p>в случае нарушения обязательств по соответствующим договорам (соглашениям);</p>
---	---

<p>тапсырылатын Банк қызметкерлерімен Банктің жұмыс істеу мақсаттары үшін;</p> <p>14) Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын сақтай отырып, жалпыға мәлім (жария болған) деректер мен мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарына орналастыру үшін;</p> <p>15) Банктің бір қарыз алушы үшін тәуекелдің ең жоғарғы мөлшерін есептеуі және пруденциялық және өзге нормативтер мен лимиттерді сақтауы және "айқындығын" тексеруі үшін;</p> <p>16) Банктің Субъект (субъект өкілі болып табылатын тұлға) пен Банк арасында жасалған (жасалуы мүмкін) кез келген мәмілені /операцияларды жасауға және/немесе орындауға қатысы бар және/немесе қатысы болуы мүмкін үшінші тұлғалармен өзара әрекет етуі үшін;</p> <p>17) уәкілетті органдарға, аудиторлық, бағалау және өзге де құзыретті ұйымдарға, мемлекеттік және жеке кредит бюросына есеп және/немесе ақпарат беру үшін;</p> <p>18) статистикалық үлгілерді әзірлеу, сақтау және қолдану үшін;</p> <p>19) тәуекелдерді сақтандыру және/немесе мұндай сақтандыру тиісті шарттардың (келісімдердің) (келісімдердің) талаптарында көзделсе өзге сақтандыру түрлерін, Банк өнімдерін іске асыру үшін, "Қазақстанның жеке тұлғалардың депозиттеріне кепілік беру қоры" АҚ-қа ақпарат беру үшін;</p> <p>20) Банктің қауіпсіздік режимін қамтамасыз ету үшін Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен және шектеулерді ескере отырып, сәйкестендіру және Банктің қызмет жайларына/ ғимаратына/ офистеріне/ ақпараттық жүйелеріне кіруге рұқсат беру үшін;</p> <p>21) ақпарат алмасу үшін, соның ішінде Субъектінің (және/немесе үшінші тұлғалардың) өтініштерін, арыздарын, ұсыныстарын, ұсынымдарын, шағымдарын, тапсырмаларын қарау және/немесе жауап беру, Субъектінің мекенжайына (субъекті өкілі болып табылатын тұлғаның мекенжайына) хат-хабар (пошта) жіберу (алу) үшін, курьер қызметі, курьерлік қызмет көмегімен экспресс пошта және басқасын жөнелту (жеткізу)/алу үшін;</p> <p>22) мұндай қайта тапсыру Субъект (субъект өкілі болып табылатын тұлға) пен Банк арасында жасалған тиісті шарттардың (келісімдердің) талаптарында көзделсе, Субъект (субъект өкілі болып табылатын тұлға) пен Банк арасында жасалған шарттар (келісімдер) бойынша талап ету құқықтарын қайта тапсыру үшін (сондай-ақ Банктің секьюриттеу мәмілесін(-лерін) жасауы және іске асыруы мақсатында);</p> <p>23) маркетингтік мақсаттар, Субъектіге кез келген ақпараттық, оның ішінде Банк өнімдері және/немесе қызметтері туралы материалдарды, сондай-ақ өзге де хабарламаларды (оның ішінде сенімді тұлғалар, заңды өкілдер, кепілгерлер, кепіл берушілер, қосалқы қарыз алушылар, сақтандырушылар</p>	<p>в случае возникновения спорных ситуаций, включая спорные ситуаций с третьими лицами;</p> <p>13) для целей работы Банка с коллекторскими агентствами и/или иными специализированными лицами или работниками Банка, которым будет поручено осуществить мероприятия по взысканию задолженности по соответствующим договорам (соглашениям), в случае нарушения обязательств по таким договорам (соглашениям), а также проведения торгов, связанных с реализацией залогового имущества;</p> <p>14) для размещения публичных (раскрытых) данных и сведений в средствах массовой информации с соблюдением требований законодательства Республики Казахстан;</p> <p>15) для расчета Банком максимального размера риска на одного заемщика и соблюдения пруденциальных и иных нормативов и лимитов и проверки "прозрачности";</p> <p>16) для взаимодействия Банка с третьими лицами, которые имеют и/или могут иметь отношение к заключению и/или исполнению любых сделок/операций, заключенных (которые возможно будут заключены) между Субъектом (лицом представителем которого является субъект) и Банком;</p> <p>17) для предоставления отчетности и/или информации в уполномоченные органы, аудиторским, оценочным и иным компетентным организациям, государственным и частным кредитным бюро;</p> <p>18) для разработки, хранения и применения статистических моделей;</p> <p>19) для осуществления страхования рисков и/или иных видов страхования, если такое страхование предусмотрено условиями соответствующих договоров (соглашений), продуктов Банка, для предоставления информации в АО "Казахстанский фонд гарантирования депозитов физических лиц";</p> <p>20) для целей идентификации и предоставления доступа в помещения/здания/офисы/информационные системы Банка в порядке и с учетом ограничений, предусмотренных внутренними нормативными документами Банка, для обеспечения режима безопасности Банка;</p> <p>21) для обмена информацией, в том числе, для рассмотрения и/или предоставления ответов на обращения, жалобы, предложения, рекомендации, претензии, поручения Субъекта (и/или третьих лиц), передачи (получения) корреспонденции (почты) в адрес Субъекта (адрес лица представителем которого является субъект) для отправки (доставки)/получения посредством услуг курьера, курьерской службы, экспресс почты и прочего;</p> <p>22) для уступки Банком прав требования по договорам (соглашениям), заключенным между</p>
--	--

<p>және басқалар) телефон, факсимиль байланыстары, өзге де байланыс құралдары, сондай-ақ ашық байланыс арналары арқылы (оның ішінде SMS, e-mail, факс, және басқалар) беру (жолдау) үшін;</p> <p>24) Субъектінің (Субъект өкілі болып табылатын тұлғаның қарым-қатынасын) Банспен өзара қарым-қатынас тарихын ескере отырып, маркетингтік және жарнамалық акцияларды әзірлеу, кейіннен банктік қызмет көрсету үшін;</p> <p>25) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген (белгіленуі мүмкін) басқа да мақсаттар үшін.</p> <p>1.4. Осы арқылы, Субъект:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) банктік құпиядан тұратын ақпаратты қорғау режиміне ұқсас режимде Банктің Субъект туралы жеке деректерді қорғайтыны туралы өзін хабардар еткенін; 2) осы жазбаша Келісім, егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін немесе Банк алдында орындалмаған міндеттемелер болған кезде, қайтарып алуға жатпайтынын; 3) Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, берешекті өндіріп алу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген шараларды өткізу мақсатында басқа банктерден және/немесе ұйымдардан Субъектінің келісімінсіз, жеке деректерді жинауына және өңдеуіне құқылы екендігін; 4) Банктің Субъект туралы жеке деректерді субъектінің өзінен және кез келген үшінші тұлғалардан алуына (жинауына), сондай-ақ Субъектінің жеке деректерін үшінші тұлғаларға беруіне/Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының талаптарын және халықаралық құқық талаптарын (халықаралық шарттар талаптарын) ескере отырып, жалпыға мәлім көздерде жеке деректерді жария етуге құқығы бар екендігін; 5) Субъект (Субъект өкілі болып табылатын тұлға) пен Банк арасында жасалған тиісті шартта(-тарда)/келісімде(-дерде) Банктің ашық байланыс арналары арқылы Субъектінің жеке деректерін беру көзделген жағдайда, Субъект оларды үшінші тұлғалардың заңсыз алу тәуекелін түсінетінін және өзіне осындай тәуекелді қабылдайтынын; 6) осы Келісімнің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Банкке Субъектінің жеке деректерімен, жинауды, өңдеуді, жазып алуды, көшіруді, резервке көшіруді, қорғауды, скринингті, жинақтауды, жүйеге келтіруді, Банк ішінде және одан тыс жерлерде сақтауды (қауіпсіздік және құпиялылық талаптарын сақтай отырып), нақтылауды (өзгертуді, жаңартуды), шығарып алуды, пайдалануды, беруді (тарату, рұқсат беру, оның ішінде Субъектінің жеке деректерін өңдеу құқымен үшінші тұлғаларға беру, 	<p>Субъектом (лицом представителем которого является субъект) и Банком, если такая уступка предусмотрена условиями соответствующих договоров (соглашений), заключенных между Субъектом (лицом представителем которого является субъект) и Банком (а также для целей заключения и/или реализации Банком сделки(-ок) секьюритизации);</p> <p>23) для маркетинговых целей, предоставления (пересылки) Субъекту любых информационных материалов, в том числе, о продуктах и/или услугах Банка, а также иных уведомлений в том числе, доверенные лица, законные представители, гаранты, поручители, залогодатели, созаемщики, страховщики и прочего) посредством телефонной, факсимильной связи, иных видов связи, а также по открытым каналам связи (в том числе SMS, e-mail, факс, и прочего);</p> <p>24) для разработки маркетинговых и рекламных акций, дальнейшего банковского обслуживания, с учетом истории отношений Субъекта (отношений лица представителем которого является субъект) с Банком;</p> <p>25) для иных целей, которые установлены (могут быть установлены) законодательством Республики Казахстан.</p> <p>1.4. Настоящим, Субъект подтверждает, что:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) уведомлен Банком о защите его персональных данных Банком в режиме, аналогичном режиму защиты информации, составляющей банковскую тайну; 2) настоящее письменное Согласие не подлежит отзыву в случаях, если это противоречит законам Республики Казахстан, либо при наличии неисполненного обязательства перед Банком; 3) Банк вправе производить сбор и обработку персональных данных без согласия Субъекта в случаях, установленных законодательством Республики Казахстан, в том числе, в иных банках и/или организациях для целей проведения любых, не запрещенных законодательством Республики Казахстан, мероприятий по взысканию задолженности; 4) Банк вправе собирать (получать) персональные данные Субъекта от самого Субъекта и любых третьих лиц, а также передавать персональные данные Субъекта третьим лицам/распространять в общедоступных источниках персональных данных, с учетом требований действующего законодательства Республики Казахстан и требований международного права (требований международных договоров); 5) в случае, если соответствующим(-ми) договором(-ами)/соглашением(-ями), заключенным(-ми) между Субъектом (лицом представителем которого является субъект) и Банком, предусмотрена/будет предусмотрена передача Банком по открытым каналам связи персональных данных Субъекта, Субъект осознает риск несанкционированного
---	---

<p>трансшекаралық беруді қоса), оқшаулауды, жоюды, алып тастауды қоса, бірақ бұлармен шектелмей, кез келген әрекет (операция) немесе осындай әрекеттер (операциялар) жиынтығын жасауына, оның ішінде автоматтандыру құралдарын пайдаланып немесе оларды пайдаланбай жүргізілетін әрекеттерді жүргізуіне құқық беретінін;</p> <p>7) осы Келісімді, оның ішінде Субъект және/немесе Субъект бірінші басшы, бас бухгалтер, акционер/қатысушы және басқа да болып табылатын заңды тұлға Банктен кез келген өнімді, банктік және/немесе өзге де қызметтерді алған кезде, сондай-ақ осындай заңды тұлға (контрагент ретінде) Банкпен мәміле жасаған кезде, Банктің пайдалануына болатынын;</p> <p>8) Банктің үшінші тұлғалардан Субъектінің жеке деректерін алғаны және/немесе Банктің оны үшінші тұлғаларға бергені жөнінде Субъектінің хабардар ету талап етілмейтінін, бұндай жеке деректерді Банк Субъектінің хабардар етпей, жинай (береді) және өңдей алатынын;</p> <p>9) осы Келісім Субъектінің келісімін Банкке Субъектінің бергенін дәлелдеу ретінде үшінші тұлғаларға берілуі мүмкіндігін растайды.</p>	<p>получения их третьими лицами и принимает на себя такой риск;</p> <p>6) настоящее Соглашение предоставляет Банку право, в установленном законодательством Республики Казахстан порядке, осуществлять с персональными данными Субъекта любое действие (операцию) или совокупности таких действий (операций), в том числе, совершаемых с использованием средств автоматизации или без использования последних включая, но не ограничиваясь, сбор, обработка, запись, копирование, резервное копирование, защита, скрининг, систематизация, накопление, хранение внутри Банка и за его пределами (с соблюдением требований безопасности и конфиденциальности), уточнение (изменение, обновление), извлечение, использование, передачу (распространение, предоставление доступа, в том числе, передачу третьим лицам с правом обработки персональных данных Субъекта, включая трансграничную передачу), обезличивание, блокирование, удаление, уничтожение;</p> <p>7) настоящее Соглашение может быть использовано Банком, в том числе, при получении Субъектом и/или юридическим лицом, в котором Субъект является первым руководителем, главным бухгалтером, акционером/участником и прочих) любых продуктов, банковских и/или иных услуг в Банке, а также при заключении таким юридическим лицом (как контрагентом) сделок с Банком;</p> <p>8) уведомление Субъекта о получении Банком от третьих лиц и/или передаче Банком персональных данных Субъекта третьим лицам не требуется, такие персональные данные могут собираться (передаваться) и обрабатываться Банком без уведомления Субъекта;</p> <p>9) настоящее Соглашение может быть представлено третьим лицам в качестве доказательства о том, что Соглашение Субъекта было предоставлено Субъектом Банку.</p>
--	---